КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 06 ақпан №3514-25-00-2/79 іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.М.Машрап,
сот отырысының хатшысы А.Б. Сабетова бола отырып,
ашық сот отырысында азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Darkhan» Дархан Есимханович Даденов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Қадырбаев Н.Н.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 05 желтоқсанда «Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімінің аппараты» ММ-і (бұдан әрі - тапсырыс беруші) және жеке кәсіпкер «Darkhan» Дархан Есимханович Даденов (бұдан әрі – орындаушы) арасында №240238 жылу завестері мен кондиционерді орнату жұмыстарын орындау бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды.

Шарттың жалпы сомасы – 156 789 теңге.

Жұмыстарды орындау мерзімі –16 күнтізбелік күн ішінде.

2024 жылғы 20 желтоқсанда орындаушы 4 703 теңге мөлшерінде шартты қамтамасыз ету сомасын енгізген.

Талап қоюшы шарт бойынша міндеттемелерін толық орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрайды.

Жауапкер өкілі сотқа пікір жолдаған жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдады, қанағаттандыруды сұрады.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкердің өкілі сотқа келген жоқ, оған сот отырысы жөнінде тиісті түрде хабарланған.

Сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 4-бөлігі тәртібімен істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұданәрі-Азаматтық Кодекс)386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабы бойынша,міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12 бабы 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен шарт жасасып, белгіленген мерзімде, яғни 2024 жылғы 06 қарашаға дейін, тауарды толық көлемде жеткізіп, орнатуға міндеттенген.

Алайда, жауапкер өз міндеттемелерін орындамаған, бұл жағдай жұмыстарды қабылдау актісінің жоқтығымен дәлелденеді.

АПК-нің 72 және 73 баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Жауапкер тарапынан сотқа талап қоюшының талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер келтірілмеді.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшымен жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға заңмен белгіленген мерзімі өткізілмеген.

Құжатқа қол қойылған: Машрап А. М., 08.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Машрап А. М., 12.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Істің бұндай тұрғысында сот, тауарды толық көлемде жеткізбеуіне байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-ның 117 бабы 1-бөлігінің талабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Darkhan» Дархан Есимханович Даденовқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Darkhan» Дархан Есимханович Даденов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Darkhan» Дархан Есимханович Даденовтан жергілікті бюджет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья **А.Машрап**

Құжатқа қол қойылған: Машрап А. М., 08.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Машрап А. М., 12.03.2025